

**Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында
«Мектеп парламенті» білім алушылардың
өзін-өзі басқару органдарын дамыту
тұжырымдамасы**

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы. Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – заманауи мемлекеттің стратегиясы.

Соңғы онжылдықта республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер балалар мен жастар ортасындағы адамгершілік-рухани бағдарлар мен мұраттардың өзгеруіне алып келді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өскелең ұрпақ (балалар, жасөспірімдер, жастар) тәрбиелеудің қолданыстағы моделі трансформацияны және жаңа идеологиялық негізді талап етеді.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар, студенттер мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды.

Бүгінгі таңда республикада балалар мен жастардың өз құқықтарын іс жүзінде қолдануға және қорғауға оқытатын оңтайлы тетік жоқ, бұл оқушылар мен студенттердің әлеуметтік маңызы бар қызметке уәждемелік дайындығын төмендетуге әкеп соғады. Білім беру ұйымының қабырғасынан шыққан білім алушылар нақты өмірде көбіне мүлдем дәрменсіз болып қалады.

Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер және жастар қоғамдық қозғалысы шеңберіндегі мектеп және студенттік кеңестердің, старостаттардың, жоғары сынып оқушылары кеңестерінің, мектеп әкімдіктерінің, студенттік комитеттер мен аймақтардың және т.б. орнына мектеп және студенттер Парламенттері (бұдан әрі – Парламент) түріндегі бірыңғай құрылымдық моделі бола алады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп / студенттік парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең - 2016-2020 жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

№	Аты-жөні	Сынып	Туған күні, айы, жылы	Қызметі
1	ДАНИЯРОВА МУСЛИМА ЭРАЛИКИЗИ	9 «Б»	05.09.2007	Мектеп Президенті
2	АХМЕТОВ АХАН СЕРИКОВИЧ	10	17.08.2006	Құқық министрі
3	ГОНЧАРОВА МАРГАРИТА АНДРЕЕВНА	8 «Г»	27.07.2009	Бала өкілдігі
4	ЧЕРНОВА ДАРЬЯ ИГОРЬЕВНА	8 «Г»	13.08.2008	Ақпарат және баспа министрі
5	АМАНЖОЛ АНСАР КАНАТУЛЫ	8 «А»	11.04.2008	Спорт министрі
6	ОМАРОВА НУРИЛЯ БОЛАТОВНА	8 «Б»	26.05.2008	Экология және еңбек
7	БУЛАТОВА АМИНА МУРАТОВНА	8 «Е»	02.01.2009	Қамқорлық министрі (Еріктілер)
8	КОЛЕСНИКОВА АЛЕКСАНДРА АНДРЕЕВНА	10	17.09.2006	Мәдениет және дебаттық қозғалыс министрі